

Ата-аналар жиналыс хаттамасы
2022-2023 оқу жылы

«Шомшақты жалпы орта білім беретін мектебі» МКМ

Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы

Хаттама №1

22 қыркүйек 2021 жыл

Зертас ауылы

Қатысқандар:

Мектеп директоры К.Спатаев

ДОТЖО А.Салхожаев

ДТДЖО А.Нұрмаханбетова

Мектеп психологы Н.Амирханова

Сынып жетекшілер -11

Ата-ана-42

Өткізу форматы : онлайн форматта, ZOOM платформасын пайдалану арқылы

Күн тәртібінде:

1. Жаңа 2021-2022 оқу жылдындағы білім саласындағы өзгерістер мен жаңалықтар туралы, 2020-2021 оқу жылының қорытындысы туралы. / Мектеп директоры К.Спатаев/
2. Жаңа оқу жылындағы дәстүрлі оқу мен білім сапасы, оқу барысындағы міндеттемелер. Өткен оқу жылының жетістіктері. /ДОТЖО А.Салхожаев/
3. Дәстүрлі оқу кезіндегі тәрбие жұмысы, оқушылардың сабаққа қатысуы, коронавирустық инфекцияның алдын алу шаралары, мектеп формасы мен ата-аналар міндеті туралы. /ДТДЖО Нұрмаханбетова А./

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директоры Кеңжебек Өмірбайұлы Спатаев 2020-2021 оқу жылын пандемияға байланысты онлайн оқытудан бастап, кезекпен II тоқсанда бастауыштар кезекшілік сыныпқа келіп, III тоқсанды барлық сыныптар штаттық режимді оқу көшкендегін еске салды.

Жаңа оқу жылында мектепте жалпы оқушы саны- 239, оның ішінде ұл бала-119, қыз бала-120, даярлық тобында 14 оқушы, мұғалім саны-26. Жетім бала-жоқ, жартылай жетім-5, АСП алатын отбасы-5, көпбалалы отбасы-18, қамқоршылықта-1 оқушы. II-сыныпта бітіруші- 12 оқушы, ҰБТ-ға баратыны-9. Білім сапасы – 45 % , ОБД- 60,87 % , орта балл -3,83.

Мектеп басшысы 2020-2021 оқу жылының ерекшеліктері мен білім сапасына тоқталып, мектепте өткізілген оқу-тәрбие іс-шараларына, оқу жетістіктеріне, педагогтар мен оқушылардың аудан, облыс көлеміндегі марапаттарын атап өтті. Офлайн және онлайн форматта өткен олимпиадалар мен байқаулардың нәтижесіне тоқталып, марапатталған оқушылардың ата-аналарына білім беру мен тәрбиеге қосқан үлестері үшін алғыс білдірді.

Екінші мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Асылхан Бейбітұлы Салхожаев оқу жылы офлайн форматта басталып, солай жалғасатынын, мектеп екі ауысымда оқиды. Алайда, таңғы және түскі ауысымда 10 минуттық арақашықтық болатынын, мектепте баға орнына балдық жүйе екенін, әрбір ата-ана баласының бағасын, оқу үлгерімін Күнделік кз порталына кіру арқылы көріп, пікір білдіруге, сонымен білім сапасын көтеруге үлес қосуға шақырды.

Бітіруші 11-сыныпта 10 оқушы жаратылыстану –математикалық бағытта білім алып жатқанын, таңдау пәндері физика, химия, биология, география болғандықтан оқушылар сабақтан қалмай, қосымша онлайн курстарға қатысып, ҰБТ-ға дайындалуда үнемі қадағалауды қажет ететін айтты.

Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айгүл Рысбекқызы Нұрмаханбетова сөз алып, 2020-2021 оқу жылының барысында мектепте ешқандай оқыс оқиға, құқықбұзушылық орын алмағанын, бұл ата-ана мен мектептің бірігіп жұмыс жасауына байланысты екенін айтып, алғыс білдірді. 2021-2022 оқу жылы дәстүрлі форматта болатынын, оқушылар сабаққа кешікпей келуін, мектеп формасын кию, яғни ақ жейде, қыздар қара юбка, ұлдар –қара шалбар киюін, классикалық үлгідегі форма Білім министрінің бұйрығына сай талап етілетінін ескертті. Мектепке қыздарға орамал тағуға, тізеден 10-15 см биік юбка киюге тыйым салынатынын ескертті. Сонымен қатар, мектепке келу мен қайту жолына, сабақтан соң ата-анасыз қалада, кешкі уақытта, яғни 21.00-ден кейін дүкенге, көшеге шықпауын қадағалау тікелей ата-ана міндеті екенін ескерте отырып, отбасы мен тәрбиеге қатысты Ата Заңнан алынған бірнеше баптың тармақтарына тоқталды.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы/ 27 бап, 2-тармақ/:
Балаларға қамқорлық жасау және тәрбиелеу ата-анасының табиғи құқығы және міндеті болып табылады.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі / 137-бап/: Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау.
Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасы тиісті дәрежеде орындамауы, егер бұл әрекет кәмелетке толмаған балаға қатал қарау мен ұштасса - **** айыппұл салуға немесе 100 сағаттан 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарымен **** жазаланады.
3. ҚР «Білім туралы» Заңы: /38-бап, 2-тармақ/. Ата-аналардың және өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері:
1/балаларға өмір сүруі мен оқуы үшін салауатты және қауіпсіз жағдайлар жасауға, олардың интеллектуалдық және денекүшін дамытуын, адамгершілік жағынан қалыптасуын қамтамасыз етуге ;
2/бес/алты/ жасында балалардың мектепке барар алдындағы дайындығын қамтамасыз етуге, ал алты/жеті/ жастан бастап жалпы білім беретін мектепке беруге;
3/балалардың оқу орнына баруын қамтамасыз етуге міндетті.
4. 24-бап. Ата-анасының баланы тәрбиелеу, күтіп-бағу және асырау жөніндегі міндеттері:
2-тармақ: Ата-анасы баланы тәрбиелеуге, оны күтіп-бағуды жүзеге асыруға материалдық жағынан қолдап, оның әл-ауқатына қамқорлық жасауға, тұрғын үймен қамтамасыз етуге міндетті.

Сонымен қатар, мектеп оқушы әрдайым маскамен жүруі талап етіледі, ата-аналар мектепке кіруге рұқсат етілмейді, шұғыл қажет болғанда «Ашық» жүйесі арқылы ғана өтуі талап

етіледі. Мектепке оқушылар антисептик алып келмейді, себебі дезинфекция жасайтын заттар түгелімен аудандық білім бөлімі тарапынан қамтамсыз етілген. Сөз соңында, тәрбие отбасынан басталады, бала ұстазды емес отбасын бағады, бірақ азамат ретінде елге қызмет етеді, сондықтан саналы ұрпақ тәрбиелеуде бірігу керектігін, сол білім жолында үшін жұмыла жасауға шақырды.

Жиыналыстың соңында ата-аналар өз сұрақтарын қойып, қауіпсіздік шаралары туралы ой білдірді.

Тасполатова Шолпан, ата-ана: -Мектепте кварц қойып ұмытылып кетіпті деген галямтор жаңалығын естіп, қорқып отырмыз. Сіздерде кварцқа кім жауапты?

Мектеп директоры :- Биылғы оқу жылында СЭС бұйрығымен кварцты әр сабақтан соң қоюды алып тастады. Дегенмен, күніне бір рет кварцтауды мектеп медбикесі К.Рсақбаеваға жүктелген. Ол кісі өз жұмысына тиянақты, бәрін уақытпен жасап жатыр.

Сенкебаева А: - Мектепте ауыз су бар ма? Оқушылар шөлдесе не істейді?

Мектеп директоры ауыз су мектепте ғана емес ауылдағы үлкен мәселе болғандықтан, оқушылар өз құтыларымен су алып келсе деген өтініш жасады.

Төлегенова Айжан: Мектеп ұжымына алғыс білдіре отырып, мектепте сыныптан тыс, сабақтан соң қатысатын қандай үйірмелер бар?

ДОГЖО Салхожаев : Мектепте «Стол теннисі», «Жеңіл атлетика», «Өлкетану» курстары, сабақтан соң «Дзюдо», «Еркін күрес» секцияларын спорт мектептері жүргізетінін, домбыра, фортепиано, вокал үйірмелері «Көксәйек» елді мекенінде аудандық саз мектебінде жүргізілетінін айтты.

Қаулы:

1. Оқушылар мектепке классикалық үлгіде форма киюі / ақ жеңіде, қара юбка, қара шалбар/ талап етілсін.
2. Ата-аналар мектептен тыс уақытта өз баласының мектептен тыс өміріне, демалыс күндеріне, курстарға, секцияларға қатысуына жағдай жасап, кешкі уақыты мен мектепке барып-қайтуына, мектеп формасын киюі мен жеке гигиенасын сақтауына аса көңіл бөліп, жауапкершілікпен қарауға міндеттелсін.

Жиыналыс төрағасы
Ата-аналар ұжымының төрайымы
Хатшы

К.Спатаев.
Х.Еркеева
А.Ағайдарова

Ата – аналар жиынысының хаттамасы

Шомысай жалпы білім мектебі
Жаңа мектепшілік ата-аналар жиынының
Хаттамасы №1

Өткізілетін күні 03.01.2022ж.

Ізгілік жүйесі

Қатысқандар:

Мектеп директоры К.Спатаев

ДОПЖО А. Саяхожаев

ДПЖО А. Нурмаханбетова

Мектеп психолгы Н. Амирханова

Сынып жетекшілер-11

Ата-ана-42

Жиылыс төрайымы: К. Спатаев

Ата-аналар төрайымы:Х. Еркеева

Хатшы : А. Агайдарова

Қатысқаны: 195

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 жаңа оқу жылындағы 3- тоқсан бойынша оқушылардың үлгерімі
2. Бағдарламалар : Отбасы тәрбие ісі-қоғам негізінің басталуы»
3. Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1.2021-2022 жаңа оқу жылының3-тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті.Қорытынды бойынша канша оқу тапты дегу есептеді болғанын,оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды.Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының нәтижелерін бағалап толықтай бағдан берді.Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

2. «Отбасы тәрбие ісі-қоғам негізінің басталуы» туралы бағдарламалар жайлы жалпы қысқаша бағдарлама айтып өткіздім.

Отбасындағы болып жатқан жағымсыз жағдай баланы психикасына кері әсер етеді. Балка өмірді аңсайды немес теріс тәрбиеге тез бой алдырып үлгереді, егер осы теріс жолға мүлде бет бұрып кетсе, онда бәйгеректің бір бұтағы қисық өсіп дей беріңіз. Бақытсыз кәсіп бұзақы ұл осыдан шығады. Сонда негізгі кінәні кімнен ізелейміз: Кейде сабақты жиі қалдыруға әр түрлі сылтауларды үлкендірдің өзі үйретіп отырады. Бұл жағдайда баланы өтірік айтуды үйретіп отырғанын аңғармай да қалуы мүмкін. Жас шыбықты қалай өсірі, солай өседі ғой. Иә «Үйде не көрсен үшкәнде соны ілерсің» демекші ата-ана тәрбиесі баланы өмірінде үлкен із қалдырады.



Сканировано с Cam


5. Ағымдағы мәселелер жайлы жалпы ата-аналарға сөз берілді.
Ата-аналар өздерінің қызықтыратын сұрақтары мен ұсыныстарын айтты.

Ұсыныс:

1. Оқушылардың сабаққа келуін, кешікпеуін ата-аналар тарапынан да қадағалау
2. Ата-ананың мектеппен тығыз байланысты болуын ұйымдастыру.
3. Сабақтан тыс уақыттағы өмір қауіпсіздігі, үйінде болуы, сабақтан қалмауы кешкі уақыттарда сабақтан тыс кездерде бей-берекет көшеге шығармау ата-анасына тапсырылсын.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

 К. Спатеєв
 А. Ағайдарова

Ата – аналар жиналысының хаттамасы

Шомшақты жалпы орта мектебі»
Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №3

Өткізілген күні: 05.01.2022ж Зертас ауылы

Қатысқандар:

Мектеп директоры К.Спатаев

ДОТЖО А. Салхожаев

ДТЖО А. Нурмаханбетова

Мектеп психолгы Н. Амирханова

Сынып жетекшілер-11

Ата-ана-42

Жиналыс төрайымы: К. Спатаев

Ата-аналар төрайымы: Х. Еркеева

Хатшы : А. Агайдарова

Қатысқаны: 195

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы туралы;
2. Пән мұғалімдерімен жеке сөйлесуі;
4. Жазғы демалыс кезіндегі балалардың қауіпсіздігі;
5. Ағымдағы мәселелер.

Жиналыс коучинг форматында өтті. Ата-аналар «Санамақ» әдісі арқылы төрт топқа бөлінді.

Жиналыс барысында сынып жетекшілер 2021-2022 оқу жылының қорытындысымен таныстырды. Пән мұғалімдері мен ата-аналар арасында жеке сөйлесулер ұйымдастырылып, толғандарып жүрген сұрақтарға жауап алынды

1. Бірінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Салхожаев оқушылардың алған білімдерінің динамикасы мен мониторингі бойынша 4-тоқсан қорытындысымен ата-аналарды таныстырды. Оқу озыттары мен екпінділерді атап өтті.

2. Екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Нурмаханбетова жазғы демалыс кезінде оқушылардың демалысын ұйымдастыру және өмір қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы коучинг ұйымдастырды. Ата-аналар балаларының өміріне жауапты екенін өздері айтып кетті. Сонымен қатар демалысты қайтсе қызықты етіп өткізсе болады деген сұраққа жауап жазды.

3. Үшінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А. Салхожаев 11 сынып оқушылары, түлектерді аттестаттауға және ҰБТ-ға дайындау жөнінде ақпарат берді. Оқушылардың бейіндік таңдау пәндерін 9-10 сыныптан бастап таңдап сол бағытта дайындалу керек екендігіне және балааның бейіміне баратын оқуының дұрыс бағыт беруге ақпарат берді. ЖОО сайтынан оқу орындары мен таңдау пәндері туралы ақпарат алу туралы айтып өтті.

4. Төртінші мәселе бойынша мектеп психологы Н. Амирханова оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу туралы ақпараттар беріп, ата-аналармен тренингтар өткізді.

Жарыс сөз:

1. Ата-аналар комитеті Н.О.Барлықпаева: Жиналыс жақсы деңгейде ұйымдастырылған. Балаларымыздың 1 тоқсан бойынша қорытындысын білдік. Топтық жұмыста балаларымыздың өмір қауіпсіздігі, біз елей бермейтін жағдайлар қарастырылды, балаларымызды үйірмелерге қатысуға қолдау жасаймыз. Тренингта қызықты өтті.



2. Ата-ана Тұрсынбаева Алма: 4 тоқсан бойынша балалардың үлгерімін білдік. Келесі тоқсанда білімдерін көтеруге ықпал етуге тырысамыз. Сайлау жөнінде ақпарат алдық. 11 сынып оқушыларының ҰБТ-ға дайындығы қосымша сабақтар ұйымдастырса қолдау көрсетіп, баламыздың дайындығына көңіл бөлеміз.

Қаулы:

1. Оқушылардың білімдерінің сапасын көтеруге ата-аналар тарапынан қолдау көрсетуге ықпал жасалынсын
2. Оқушылардың жазғы демалыс, өмір қауіпсіздігіне тікелей ата-аналар жауапты екенін ескерілсін
3. Түлектердің ҰБТ-ға дайындығы ата-аналар тарапынан қолдау тапсын, күшейтілсін.
4. Оқушылардың аутодеструктивті мінез-құлқын алдын алу туралы ақпараттар, тренинг барысындағы ақыл-кеңестер бала тәрбиесінде басшылыққа алынсын

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

 К. Спатаев
 А. Ағайдарова

Ата – аналар жиналысының хаттамасы

Шомшақты жалпы орта мектебі»
Жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының
Хаттамасы №1

Зертас ауылы

19-қыркүйек 2022 жыл

Қатысқандар:

Мектеп директоры К.Спатаев

ДОТЖО А. Салхожаев

ДТІЖО А. Нурмаханбетова

Мектеп психолгы Н. Амирханова

Сынып жетекшілер-11

Ата-ана-42

Жиналыс төрайымы: К. Спатаев

Ата-аналар төрайымы:Х. Еркеева

Хатшы : А. Агайдарова

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі дәстүрлі форматтағы оқу ережелерімен таныстыру
(мектептің ішкі тәртіп ережелерін , оқушының сырт келбеті)
2. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың, өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы.Мектеп –психологы Н. Амирханова
- 3.Мектеп оқушыларының үйлеріне рейд жүргізудің қорытындысы туралы
ДТІЖО: А. Нурмаханбетова
- 4.Көп балалы отбасы мен аз қамтылған отбасы балаларына көрсетілетін көмек туралы
ДТІЖО: А. Нурмаханбетова
- 5.Сыбайлас жемқорлық бойынша жүргізілген жұмыстар туралы
- 6.Үйірмелер мен спорттық секциялар туралы
- 7.Жолда жүру ережелерін сақтау
- 8.Ата –ана комитетін сайлау
- 9.Келісім шарттар

Тыңдалды:

1. Мектеп ішіндегі тәртіп ережелерін сақтау.
- 2.Мектеп формасымен, егер болмаған жағдайда классикалық киім болу талап етіледі (Үсті ақ, асты қара немесе көк)
3. Мектепте сабақ 56күндік болады.
Сабақтан ұзақтығы- 45 минуттан.
4. Мектепте сабақ 2 ауысымда өтеді.
6. Санитарлық талап сақталады.

Бірінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылының І –тоқсанындығы сынып оқушыларының сабақ үлгерімі жайлы айтты. Еңбалы 2022-2023 оқу жылының

1 тоқсандағы оқушылардың оқу үлгерімі қорытындысымен таныстырып өтті. Қорытынды бойынша қанша оқу озаты, оқу екпіндісі болғанын, оқушылар үлгерімінің пайыздық көрсеткіштерімен таныстырды. Тоқсан аяғындағы оқушыларды қорытынды бақылау жұмыстарының өту, орындалу барысын толықтай баяндап берді. Ата-аналар тарапынан сұрақтар болған жоқ.

Екінші мәселе бойынша сынып жетекшісі ата-аналарды каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелерімен таныстырды.

1. Ата-анасыз демалыста ауылдан тыс кетуге болмайды.
2. Кешкі сағат 20.00 – ден кейін ата-анасыз көшеге шыкпау.
3. Кешкі уақытта дүкенге, кештерге өз бетімен бармау.
4. Демалыс кезінде баланың өміріне жауапкершілікті ата-ана өз мойнына алады.
5. Отпен, электр құралдарымен қауіпсіздік ережесін сақтау, жол жүру ережесін бұзбау, ауылдан тыс жерге өз бетімен бармау.
6. Саяхатқа, экскурсияға, тауға, балыққа өз бетімен баруға тиым салынады.
7. 30.12.2022ж. – 11.01.2023ж. дейін сынып жетекшісі оқушылардың өміріне жауапты емес.
8. Жауапкершілікті ата-ана өз мойнына ала отырып, осы ережені мұқият сақтауға міндетті.
9. Елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты карантин ережелерін сақтауды қатаң бақылауға аламын, ата-ана тарапынан берілетін тәлім тәрбие жұмыстарына немқұрайлы қарамай, өз перзентімінің өмір қауіпсіздігін өз жауапкершілігіме алады.

Қаралған мәселелер бойынша ата-аналар кері байланыс берді

Сонымен қатар, жиілігі барысында ата – аналарға арналған «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» атты тренинг өткізілді. Мақсаты - баланың дамуына, жеке тұлға ретінде қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып қарым-қатынас орнату. Тренинг барысында ата-аналар өз ойларын айтып, ойынға қатысып, әртүрлі сұрақтарға жауап берді.

Баланың жеке басын құрметтеңіз. Оз әрекеттеріңізде озбырлыққа жол бермеңіз. Тиісті өзін-өзі бағалауды қалыптастырыңыз. Баланы отбасының нақты істерімен таныстырыңыз. Оған қажетті үй тапсырмаларын орындауды талап етіңіз.

Баланың ерік-жігерін дамыту. Оған шыдамдылық пен батылдықты танытуға үйретіңіз. Мақсатқа жету үшін күш салуды үйретіңіз.

Баланы жоспарлауға, іс-қимыл жоспарын құруға үйретіңіз. Үлкен және күрделі істі бірқатар нақты әрекеттерге бөлу. Оны басқа балалармен, адамдармен қарым-қатынас жасауға үйретіңіз. Ата-аналық мінез-құлықтың оңтайлы моделін көрсетіңіз.

Баланың адамгершілік қасиеттерін қалыптастырыңыз: мейірімділік, әдептілік, жанашырлық, өзара көмек, жауапкершілік.


Балалардың жасына сәйкес доміс-шараларына қатысуын қамтамасыз етіңіз.

Қаулы :

1. Оқушылардың I төкесіндегі үлгерімі мен тәртібінің қорытындысын қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Көп балалы, аз қамтылған, тұрмыстық қиын жағдайда қалған отбасыларға көмек көрсету белгілі бір бағытта, жоспарлы түрде іске асырылып отырсын
3. Өз өзіне қол жұмсаудың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп есептелсін
4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу барысында атқарылып жатқан жұмыстар, «Адал Ұрпақ» клубының жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып, алдағы уақытта жұмыстың жүру, өту барысы жандандырылсын
5. Мектептегі үйірмелер мен спорттық секциялар жұмысы жоспарлы түрде іске асырылып, сабақтардың өту барысы қатаң қадағалауға алынсын.
6. Ата – ана комитетін сайланып бірлесіп жұмыс атқарылсын.
7. Келісім шарттар түзіліп, ата – аналармен таныстырылсын.

Жиыналыс төрағасы:

Хатшы:

 **А. Спатеєв**
 **А. Арайдарова**